



Оңтүстік Қазақстан облысындағы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 14/140-III шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 25 сәуірде N 1909 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 9/82-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012.12.07 № 9/82-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексіне сәйкес және 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексін (Салық кодексін) жүзеге асыру мақсатында Оңтүстік қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қоса тіркелген Оңтүстік қазақстан облысындағы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешім Оңтүстік қазақстан облыстық әділет департаментінен мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енеді.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Оңтүстік қазақстан облыстық
мәслихаттың 29 наурыз 2005
жылғы N 14/140-III шешімімен
бекітілген

Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкалары

	Арнайы су пайдалану түрлері	Төлемақы ставкасы
1.	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызмет, тиын/текше	3,88
2.	Жылу энергетикасын қоса алғанда, өнеркәсіп, тиын/текше	10,93
3.	Ауыл шаруашылығы, тиын/текше	1,75
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары, тиын/текше	3,02
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар, теңге/тонна	77,24
6.	Гидроэнергетика, тиын/квт.сағ.	1,15
7.	Су көлігі, тиын/т.км.	0,43

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК